

## **ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ИНОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ДАМУ**

Аннотация. Мақалада «Қазақ тілімен Әдебиет пәні сабақтарында Функционалдық сауаттылықты қалай дамытуға болады?» зерттеу сұрағы бойынша сабақты зерттеу дәлелдемелері ұсынылып отыр. Сабақты зерттеу оқыту мақсаттарына сай оқушыларды шығармашылық ізденіске адамдармен қарым-қатынас, пікір таласу әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың Функционалдық сауаттылығын дамытуға болатынын көрсетті.

Кілт сөздер: Интербелсенді, функционалдық, топтық жұмыс, рефлексия, Flippity платформасы, "Tarsia" платформасы, Блоб ағашы.

Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы ең басты, маңызды мәселе: «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» Сапалы білім беру кепілі – функционалдық сауаттылық. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым- қатынасқа түсе алу қабілеті, сол ортаға бейімделуі, қарым-қатынас жасай алуының көрсеткіші. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеттен оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру жұмыстарының мақсаты: оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға пайдалана білуге баулу.

Міндеттері:мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау;тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығынбілдіретін құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру;ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға даярлау.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында әр оқушыны дара тұлға деп танып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізу – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі шарты болып табылады. Өз іс-тәжірибемде функционалдық сауаттылықты арттыру деп оқушылардың сабаққа қызығушылығын артыра отырып шығармашылыққа еркін араласа алуын,өзара әрекет ете алуы ,өз ойын ашық жеткізуі,пікірталас құра білу. Міне осылардың барлығын мен интербелсенді әдісін қолдану арқылы қол жеткізетініне әріптестеріммен бөліскім келеді.

Қазіргі уақытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін, қарым-қатынасқа жағдай жасайтын жаңа тәсілдер интербелсенді деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар. Бұл әдіс - “бірлесе үйрену немесе бірлескен әрекеттер” идеясын басты назарда ұстайды. Яғни: топтық жұмыс және жұптық жұмыс, рефлексия арқылы іске асады.

Интербелсенді оқыту мектепте мынандай жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- Бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл сыныппен);
- Жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары;
- Оқу, рөлдік және өндірістік (іскерлік) ойындар;
- Пікірталастар;
- Ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.);
- Шығармашылық жұмыстар;
- Жағдайаттар (ситуациялар) арқылы үйрену нақты сәтуацияларды талдау, кейс-стади;
- Презентациялар;
- Компьютерлік оқыту бағдарламалары.

Қазақ тілімен әдебиет сабағында Интербелсенді оқытудың теориясындағы жетістікке жетелейтін әдіс-тәсілдер арқылы жүргізілген тәжірибеміз тоқталып өтейік.

Диалогты оқыту.

- Диалогтық оқытуда өз ойларын жарыса айтып, қызу пікірталас тудыра алды және өз ойларын дәлелдеуге тырысты.

- Сөйлеу мәдениеті қалыптасып, ойын жеткізуге дағдыланды.

- Тілдік қорын толықтыра отырып, көркем әдебиет оқу қажеттігін түсінді.

- Дәстүрлі сабақ барысында томаға тұйық отырған бірқатар балалар ашылып сөйлеп, өзіндік пікірлерін білдіргені қуантарлық жағдай болды.

Қорыта айтқанда, диалогтық оқытудың маңыздылығы оқушы «Көре, көре көсем, сөйлей, сөйлей шешен» болады деген тұжырым жасауға негіз бар. Ал сын тұрғысынан ойлауға үйрету модульдері стратегиялары арқылы сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты, оқушылармен кері байланыс орнатылды.

Менің әр сабағым диалогтан құрылады, себебі тіл үйрету ауызша болғандықтан көбінесе оқушылардың сөйлеуіне мән беремін. Диалогтық оқытуда қолданып жүрген тәсілдерім: «дискуссия», «дебат», «іскерлік ойын» ашық сұрақ және жабық сұрақ қою, «рөлдік қойылым» т.б. Мысалы: ертегі кейіпкерлеріне дебат әдісі арқылы баға беруге болады. Әсіресе, жағымсыз кейіпкерлерге талдау жасағанда, жақтаушы, даттаушы бола отырып, ол бейненің жағымды жақтарын да анықтауға болады.

Топтық жұмыс.

Топтық жұмыстар негізінде барлық оқушы жұмыспен қамтылып, көптеген оқушылардың қабілеттері ашыла түсті. Әдебиеттегі тұлғаларды сомдау арқылы импровизациялық қабілеттері дамыды. Сұрақтар қоюды, соның ішінде ашық және жабық сұрақтарды ажырата білуді үйренді. Постер қорғай отырып, дарынды оқушылармен бір топтағы оқушылар белсенділік танытып, ашыла түсті. Сабақты өздері түсіндіріп, өз қолдарымен жасағанда есте жақсы қалатынын мойындады. Ең бастысы өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып білу кезеңінде өз түсінігін өзгерте білді және білімді саналы түрде меңгеруге бейімделді.

Топтық жұмыстың келесідей түрлері бар: Жұптардағы жұмыс; «Миға шабуыл» әдісі; «Жалғастыр» ойыны; «Қазына іздеу»; «Дельфи» әдісі; Мозаикалық топтар; «Зигзаг» әдісі (Ара әдісі);

«Миға шабуыл» әдісі идеяларды басқару үшін қолданылады, қатал регламент, жүргізуші, хатшы, хронометрист ролдері белгіленеді. Яғни топ ішінде шешім қабылданған соң, баяндама немесе хабарлама жасалады.

«Жалғастыр» ойыны топ ішінде «тізбек» әдісін қолдану арқылы жасалады. Яғни бірінші оқушыдан бастап соңғы оқушыға дейін барлығы бір тақырып шеңберінде ойларын айтады. Мысалы, шығарма немесе қандай да бір оқиғаны баяндау кезінде қолдану тиімді.

«Бір әріп шығармасы» ойыны әңгімені бір әріптен басталатындай етіп құрастырып шығу. Мұғалім сұрақтар құрастырады. Сұрақтар білім мен танымды қажет етеді. Топтар интернет көздері мен кітап мәліметтерін қолданады.

Топтық және жұптық жұмыстың нәтижелері:

- топтық, жұптық жұмысты пайдалану сабақтың нақты көмектеседі;

- мәнін терен ашуға;

- оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;

- олардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласын;


- көбін бағалауға мүмкіндік;

- оқушыларды ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйретеді;

- оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық;

- жеке белсенділігі артады;


- дамытуға, шығармашылығын тұлғалық сипатын шындауға, өзіне деген сенімін қалыптастырады (1-сурет).



1-сурет. “Flippity” платформасы

Сондай-ақ топқа бөлу үшін мен “Flippity” платформасында қолдана отырып бөлуге болады.

Flippity платформасындағы Случайное имя Пикер қосымшасы сабақ барысында оқушылардың жауап беру ретін анықтауға көмек көрсетеді (рандомно). Сондай-ақ сыныпты автоматты түрде жұпта, топқа бөлуге септігі тиеді. Бұл қосымшаны онлайн сабақтармен қатар офлайн форматта да қолданған тиімді(2-сурет).




2-сурет. "Tarsia" платформасы

Осы орайда мен инновациялық әдіс тәсілдерді сабаққа кіріктіре отырып, заман талабына сай арнайы интернет ресурстарын, соның ішінде "Tarsia" платформасын әріптестерімен бөлісе кетсем.

Қазақ тілі пәнінде "Tarsia" платформасын қолданған өте тиімді. <https://www.tarsiamaker.co.uk/>

Күтілетін нәтиже: Жалпы бұл платформаны әр мұғалім өз шеберлігіне қарай ұйымдастырып қолданады, мен топтық жұмыс және сабақты бекітуде, жаңа сөздерді тексеруге қолданамын. Бұл ойын ішінде бір емес 20 немесе оданда көп ойын түрлері бар кез келген уақытта ,кез келген әдіс тәсілдерді алып кетуге көмек теседі. Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, сыни ойлау қабілеттерін де арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар бұл платформаны дәстүрлі ретінде яғни интернетсіз қағаз қиындыларыменде жасап көрсетуге болады (3-сурет).



3-сурет. Блоб ағашы

Рефлексия. Блоб ағашы. Тест: "Ағаштағы орныңыз қайсы?" Бұл тестінің авторы - әйгілі британдық психолог Пип Уилсон. Ол оқушылардың жаңадан ауысып келген мектебіне қаншалықты үйренгенін анықтау үшін жасалған. Артынша жасы үлкендерге де жарайтыны анықталған. Тест адамның болмысын, оның эмоционалдық жай-күйін, қоғамдағы орнын анықтауға көмектеседі. Ағаштағы адамдардың көңіл-күйі әртүрлі және әрқайсысының өзіне ғана тән орны бар. Ең алдымен, өзіңізге қайсысы көбірек ұқсайтынын анықтаңыз. Артынша ұқсағыңыз келетін адамды тандаңыз.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

Әдебиеттер:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 446 б.
2. Е.Иманғалиев. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы». № 9 (69) 2012 жыл. 6-9 б.
3. «Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы 2020 ж
4. «Мұғалім зерттеуші» Назарбаев зияткерлік мектептері желісі журналы
5. «Жаңаша оқыту – заман талабы» Ғ.Сұлтанова, З.Сатқаева, Алматы, 2011 ж. - 7-17б.
6. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» С.Мирсеитова, Қарағанды, 2011 ж. – 45-б.)
7. «Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер» «Қазақстан мектебі» журналы №3, 2012 ж. - 18-б.)

**Естаева К.Р., Мухаметжанова А.О.**  
**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

### **БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМУЫ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛЫҚ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ**

Аннотация. Эмоционалды интеллект білім сапасын арттырудың маңызды және тиімді құралы болғандықтан, мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалды құзыреттілігінің маңыздылығы жас мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығының факторы ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: эмоционалды интеллект, бастауыш мектеп, тұлға, дағды, құндылықтар жүйесі.

Мұғалімнің кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығы туралы мәселе ғылым мен практикада жүйелі түрде туындап отырады. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындауға қаншалықты дайын екенін түсіну үшін педагогикалық процесті ұйымдастыруға қажетті білім, білік, дағдылар, қабілеттер, құзыреттер мен жеке қасиеттердің жиынтығын ескеру қажет.

Бастауыш сынып мұғалімі – білім беру жүйесінің құрылым ерекшелігіне қарай кіші жастағы білім алушының тұлғасына үлкен ықпал ететін педагог. Бастауыш мектеп білімнің алғашқы сатысы ретінде білім алушыға оқу іс-әрекетінің жалпы тәсілдерін игеруге көмектесуге бағдарланған, ал бастауыш сынып мұғалімі жаңа әлеуметтік жағдайларда жеке тұлғаның бейімделуіне ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның дамуына негіз болатын практикалық дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға да жәрдемдесуі керек. Бастауыш мектепте білім беру барлық дерлік елдерде міндетті болып табылады, балалар уақыттың басым бөлігін мұғалімдердің қамқорлығында болады, сондықтан олардың кәсіби дайындығына қойылатын талаптар артады.

Кәсіптік білім беру – үздіксіз білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Кәсіптік білім беру ұйымдарында елдің болашағын айқындайтын әлеуметтік-экономикалық реформалар үшін кадрлық әлеует қалыптастырылады. «Эмоционалды интеллект» термині алғашқы рет Майкл Белдоқтың (Beldoch, 1964) мақаласында көрініс тапты, алайда сол сәтте эмоционалды интеллект теориялық түрде тұжырымдалмаған болатын. 1983 жылы Ховард Гарднердің «Сана шектеулері: көптеген интеллект теориясы» IQ секілді интеллектіні өлшеудің дәстүрлі тәсілдері адамның когнитивті қабілеттерін толық түсіндіре алмайтындығы туралы идеяны ұсынып, интеллектінің бірнеше түрі бар екендігіне